

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған "Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар » атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.І, Ч.1 - Б.50-51

Бұқаларды пішуде қолданылатын қансыз әдістердің тиімділігі

Жақыпов И.Т., Көкен Б.

Қазіргі кездегі мал шаруашылығының маңызды міндеттерінің бірі халықты сапалы өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты ет өнімділігін арттыру, сондай-ақ ет сапасын жақсартуға ықпал ететін іс-шаралар қатарында, жануарлардың кастрациясы маңызды орын алады. Кастрацияның нәтижесінде жануарларда азық қабылдау мөлшері артады, олардың еті нәзік, жұқа талшықты, майлы қабаттары қалың болады [1].

Қазіргі уақытта жануарлардың пішуінің келесі әдістері тіркелген, оларға қанды және қансыз әдістер жатады. Қанды әдістерге ашық және жабық тәсілдер, ал қансыз әдіске перкутанды, эластрациялық, химиялық, иммунологиялық, физикалық тәсілдер жатады. Мұндай тәсілдердің саны әзірге талаптарды қанағаттандыратын тиімді әдіс жоқ екенін дәлелдейді [2].

Осыған байланысты біздің жұмыстың мақсаты бұқаларды пішудің қансыз әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринариялық кафедрасында және Ақмола облысының ауылшаруашылық құрылымдарында жүргізілді.

Қансыз әдістің перкутанды, эластрациялық, химиялық тәсілдерін орындау үшін 1;2;5-7 айлық бордақылауға қойылған бұқалар алынды. Бұқаларды пішкеннен кейін асқынулардың байқалуында аталық жыныс бездің көлемін, ұзындығын, ұма мойыны өлшемдері және тірі салмағын, дене өсімін 10-15 күн аралығында бақылап отырдық(1- кесте).

1- Кесте. Перкутанды пішуден кейінгі нәтижелер көрсеткіші (n=10)

| № | Температура (°C) | Ен көлемі (см) | | | Ен ұзындығы (см) | | | Ұма мойыны өлшемі (см) | | | Тірі салмағы (кг) |
|--------|---------------------|-------------------|--------------|--------------|---------------------|--------------|--------------|------------------------------|--------------|---------------|-------------------------|
| | | 1-3 күн | 10-15 күн | 28-30 күн | 1-3 күн | 10-15 күн | 28-30 күн | 1-3 күн | 10-15 күн | 28-30 күн | |
| Орташа | 39,5±0,2 | 29 ±1,03 | 25,6 ±1,3 | 16,5 ±0,8 | 14,6 ±0,3 | 12 ±0,2 | 9,9 ±0,2 | 18,9 ±0,3 | 14,5 ±0,2 | 12,5 ±0,25 | 119±5,2 |

Ен көлемі бойынша 3 және 30 тәуліктегі орташа көрсеткіш 29,5±0,2 см ден 16,5±0,3 см болып 1,6 есеге кішірейген. Ен ұзындығы 14,6±0,3см ден

9,9±0,2 см қысқарып 1,38 есеге кеміген. Ұма мойыны көлемі 18,9±0,3 см ден 12,5±0,25 см болып көлемі 2 есеге кішірейген.

Эластрация әдісі бойынша пішілген бұқашықтар жас ерекшеліктеріне байланысты 3 зерттеу тобына бөлінді (I - топ 20-30 күндік жасында, II - топ 2-3 айлық және III - топ 5-6 айлық жасында). Бұқашықтардың орташа тірі салмағы Клювер - Штраух тәсілі арқылы есептелінді (2-кесте).

2- Кесте. Пішкеннен кейін бұқалардың салмағын өлшеу

| Көрсеткіштер | Пішілген мал жасы (күн) | | | | | |
|------------------------|-------------------------|---------|----------------|---------|-----------------|---------|
| | I – топ (n=16) | | II – топ (n=8) | | III – топ (n=4) | |
| | 20-30 | 60-90 | 60-90 | 120-150 | 150-180 | 210-240 |
| Биіктігі | 47±1,06 | 87±1,06 | 88±1,5 | 96±1,4 | 98±1,6 | 105±1,4 |
| Кеуде айналымы | 84±1,7 | 114±1,7 | 122±1,4 | 137±2,7 | 142±2,2 | 145±1,9 |
| Дененің қиғаш ұзындығы | 55±0,9 | 95±0,9 | 96±0,2 | 101±1,3 | 104±1,7 | 109±1,2 |
| Тірі салмағы | 49±2,4 | 119±5,2 | 125±2,5 | 154±9,7 | 166±4,7 | 192±6,7 |

I – топта биіктігі 47±1,06 см ден 87±1,06 см ге өсіп 2 есеге артқан, ал тірі салмағы 49±2,4 кг- нан 119±5,2 кг- ға өсіп 2,4 есеге артқан.

II – топта орташа биіктігі 88±1,5 см ден 96±1,4 см болып 1,2 есеге өскен, тірі салмақтың орташа көрсеткіші бойынша 125±2,5 кг нан 154±9,7 кг ға өсіп 1,2 есеге салмағы артқан.

III – топ биіктігінің орташа көрсеткіші 98±1,6 см ден 105±1,4 см болып 1,09 есеге артқан, ал тірі салмағы 166±4,7 кг нан 192±6,7 кг болып 1,1 есеге артқан.

Зерттеулер қортындысы бойынша перкутанды тәсілмен пішілген бұқалардың жыныс безі қызметі тоқтап бір ай көлемінде екі есеге көлемі кішірейген, ал эластрация тәсілімен пішілген бұқалардың бір айға дейінгі жасында пішілген бұқалардың салмағы 2-3 және 5-6 айларында пішілген бұқалармен салыстырғанда салмағы 2,4 есеге, биіктігі 1,9 есеге артық болған.

Әдебиеттер тізімі

1. Горлов И.Ф., Кайдулина А.А., Влияние кастрации на формирование мясной продуктивности и качество мяса у бычков калмыцкой породы// «Ветеринария», -2010 ж., №12- 15-17 с.

2. Vindevoghel, T.V., Fleming, P.A., Hyndman, T.H., Musk, G.C., Laurence, M., Collins, T. Qualitative Behavioural Assessment of Bos indicus cattle after surgical castration// «Applied Animal Behaviour Science Volume», February 2019, №211- Pages 95-102.